

Түркістан облысы
Сарыағаш ауданы
ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай балабақшасы

ХАТТАМА

28.09.2023 жыл
Дербісек ауылы

№ 01

**Балабақшадағы жалпы ата-аналар
жиналысы**

Төрайымы – А.Н.Оразбаева.
Хатшы - К.О.Усипбекова
Қатысқандар : - 475
Меңгеруші – 1
Әдіскер - 1
Тәрбиешілер –28
Ата-аналар - 70

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1.Ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтау.
- 2.Ата-аналар комитетін және мүшелерін сайлап тағайындау.
- 3.Ата-аналарды балабақша өмірімен, күн тәртібі ,ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, тәрбиелік шаралар, ата-анамен жүргізілетін жұмыс жоспары , ата-ана міндеттерімен таныстыру.
4. «Мен қандаймын» тренинг ойыны
5. Балалардың киімінің талапқа сай болуы.

1.ТЫНДАЛДЫ: ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтады.

СӨЙЛЕДІ: Тәрбиеші **Ж.Р.Қалмурзаева:** Құрметті ата - аналар! Сіздерді біздің балабақшада көргенімізге қуаныштымыз. Жаңа оқу жылы құтты болсын! Жел бесіктен, жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің ұйытқысы ата - ана мен балабақша. Болашақ десек те, келешек десе де бала - ұрпақ деген мағынаны білдіреді. Адамның өзге тіршілік иесінен айырмашылығы – дүниеге перзент әкелген соң, оның болашағын ойлау, адам етіп тәрбиелеу. Бала тәрбиесі – бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абыройлы міндеті. «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады,

олар барлығынан басым бола алатын адал – еңбек, мінсіз – ақыл, таза – жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» – деген Шәкәрім Құдайбердіұлы атамyzдың сөзін арқау ете отырып, бүгінгі күн жастарды жетілген азамат етіп тәрбиелеу отбасылардың жауапкершілігін тағы да арттыра түсуде. Бала саналылықтың сипатын ол өмірге келген күннен бастап өз отбасында бойына сіңіреді. Өмірген келген жас нәресте өзін қоршаған ортамен, ең алдымен өз отбасында танысады. Мұхтар Арынның сөзіне сүйенсек: «Қалай десек те, ең мықты, табиғи мектеп – отбасы. Осында қалыптасқан барлық жақсы қасиеттер өмір бойына серік болады. Отбасынан кеткен қателікті ешбір мектеп түзете алмайды...» Бала үшін дүниеде ең жетілген, білімді де, мәртебелі адам – оның ата – анасы.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

I.I. Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы ынтымақтастығы нығайтылсын.

I.II. Балалардың мінез - құлқы, бейімі, қызығушылығы, мүмкіндігі тереңірек зерттелсін.

2.ТЫНДАЛДЫ: Ата-аналар дауыс беру арқылы ата-аналар комитетінің төрайымы және мүшелері сайланып, тағайындалды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Әдіскер – Усипбекова .Қ.О:

- Құрметті ата-аналар төрайымын сайлау осы отырған сіздерге жүктеледі, сондықтан ақылдасып өз пікірлеріңізді білдірулеріңізді өтінемін. Әр ата-ана өз пікірлерін ұсына отырып, дұрыс шешім қабылдайды деп ойлаймын.

Ата-ана Тастанова Гүлнұр:

- менің пікірімше ата-аналардан Мұса Әлия апайды ата-аналар комитетінің төрайымы етіп сайласақ. Өйткені ол кісі өте жауапкершілігі жоғары және жұмысты тиянақты жасайды.

Ата-ана Каюпов Бахытжан:

- мен де сіздің пікіріңізге қосыламын. Мұса әлия апай төрайым болуға лайықты.

Ата-ана Шарипбаева Гүлязия:

- Олай болса барлығымыз бір ауыздан дауыс берейік.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

II.I. Ата-аналар комитетінің төрайымы болып: Мұса Әлия.

II.II. Ата-аналар комитетінің мүшелері болып:

1. Оразымбетова Гульнур Спандияровна
2. Амантаева Ақсауле Нұрлыбекқызы
3. Абдуллаева Зарина Муслимовнаға тағайындалсын.

3. ТЫҢДАЛДЫ: Әдіскер К.О.Усипбекова ата-аналарды балабақша өмірі мен күн тәртібін, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін, тәрбиелік шаралар, ата-анамен жүргізілетін жұмыс жоспарын, ата-ана міндеттерімен таныстырды.

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер : К.О.Усипбекова Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу бағдарламалары әр баланың талабын, бейімділігін, қабілеттілігін, дарындылығын іске асыруға және оның даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, дара әдіс негізінде оны бастауыш білім беру бағдарламасын меңгеруге бағдарланады. Мен сіздерді ересек топ балаларына арналған күн тәртібімен таныстырып өтейін.

Күн тәртібінің кезеңдері	Уақыты
Үйде (ұйқыдан тұру, дәретхана)	7.00 – 7.30
Қабылдау, тексеріп-қарау, ойындар, таңертеңгі жаттығу	8.00 – 9.30
Таңғы ас	9.30 – 9.55
Ойындар, оқу қызметке дайындалу	9.55 – 10.10
Ұйымдастырылған оқу қызметтер (үзілістерді қоса алғанда)	10.10 – 11.30
Серуенге дайындық	11.30 – 11.40
Серуендеу	11.40 – 12.35
Серуеннен оралу	12.35 – 12.50
Түскі ас	12.50 – 13.20
Ұйқы	13.20 – 15.20
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.20 – 15.50
Бесін асы	15.50 – 16.10
Ойындар, өз бетінше жұмыс	16.10 – 16.40
Серуенге дайындық	16.40 – 17.00
Серуендеу	17.00 – 18.00
Серуеннен оралу	18.10 – 18.20
Балалардың үйге жіберілуі	18.20 – 18.30

Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі –17, ұзақтығы 25-30 минут

Денсаулық – 3

Коммуникация – 5

Таным – 2,5

Шығармашылық – 5

Әлеумет – 1,5

Тәрбиеші З.Ж. Джанбаева: жыл бойы сіздермен бірге атқарылатын жұмыс жоспары төмендегідей:

Қыркүйек	Топтық ата-аналар жиналысы
Қазан	Ата-аналармен жеке пікірлесу.
Қараша	Психолог, мамандар дәрісі. Ата-аналармен жеке пікірлесу. Психолог, мамандар кеңесі
Желтоқсан	Ата-аналар жиналысы (топтық) «Отбасындағы бала тәрбиесі».
Қаңтар	Жаңа жылға ұжымдық шығармашылық даярлық. І тоқсанның қорытындысы.
Ақпан	Балалардың жетістіктері туралы ата-аналарға хат. «Ұл тәрбиесі» атты тақырыптық кеңес. «Менің отбасым» сурет көрмесі
Наурыз	«Отбасындағы қыз тәрбиесі» топтық ата-аналар жиналысы
	8 наурыз және 22 наурыз мерекелеріне шығармашылық даярлық
Сәуір	ІІІ тоқсанның қорытындысы.
Мамыр	Балалардың ең үздік жұмыстарының көрмесі. Жыл қорытындысы. Жалпы ата-аналар жиналысы
	Алғыс хаттар. Ата-аналарға мерекелік концерт.
	Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру.
	Және де мерекелік ертеңгіліктер мен ашық оқу қызметтеріне атсалысып, қатысуларыңызды сұранамыз.

Мектеп жасына дейінгі балаларға жоғары деңгейде көмек көрсету және олардың дамуы мен оқуы кезінде пайда болған қажеттіліктерін толық қанағаттандыру үшін ата-аналармен әріптестік қарым-қатынас жасау көптеген жақсы нәтижелерге жеткізері сөзсіз айқын нәрсе.

Балаға дұрыс тәрбие беру – ата – ананың моральдық қана емес, заң жүзіндегі міндеті.

Бала тәрбиесі мәселесінде ата – ана арасында толық келісім болуға тиіс.

Баланың бойындағы ізгілік, жақсылық атаулының бәрін, оның үлгілі болуға тырысқан талабын көтермелеп отыру керек.

Баланың адал да ізгі адам болып өсуі үшін оған ата – анасы үлгі болуға тиіс.

Баланы еңбекке құрметтеу мен сүю рухында жас кезінен тәрбиелеп, оның бойына адамгершілік және рухани мәдениеттің негізін, қоғамдағы мінез – құлық дағдыларын дамыту керек.

Сыпайылық және әдептіліктің ережелерін сақтау табиғи, емін – еркін болып, ешбір жағдайда екіжүзділікке, өтірік ұялшақтыққа негізделмеуге тиіс.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

III.I. Күн тәртібінің бұзылмауына жол берілмесін. Балалар балабақшаға уақытында жеткізілсін.

III.II. Балабақша мен отбасы тығыз байланыста болсын.

4. ТЫҢДАЛДЫ: Психолог А. А. Балнұр ата-аналармен «Мен қандаймын?» тренинг ойынын жүргізді.

СӨЙЛЕДІ: Психолог : А. А. Балнұр ал, құрметті ата-аналар мен сіздермен кішігірім ойын ұйымдастырып жіберейін. Ойынның тақырыбы: «Мен қандаймын?» деп аталады. Мақсаты: әр адам өзін жеке тұлға ретінде сезіну. Өзінің жанұясында өзін қай деңгейде ұстайтыны екенін анықтау. Жүру барысы: Ата-аналар гүл, үй, күн тобы болып 3 топқа бөлінеді. Әрқайсыңыз сол суретің ішіне отбасы мүшелерін және өзіңіздің есімдеріңізді жазасыздар.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

IV.I. «Мен қандаймын?» тренинг ойыны есепке алынсын.

5. ТЫҢДАЛДЫ: Тәрбиеші А.Т. Нарманова балалардың киімі талапқа сай болу керектігін айтты.

СӨЙЛЕДІ: Тәрбиеші: А.Т. Нарманова Балаларды жыл мезгілдеріне сай киіндіріңіздер және киімі ұқыпты,таза қолайлы болуы шарт. Мерекелік ертеңгілікке мерекелік киімдер, ал, ашық оқу қызметтеріне ұлдар ақ жейде, қара шалбар, қыздар ақ кофта, қара юбка киіндірулеріңізді сұранамыз.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

VI.I. Балалардың киімі талапқа сай болуы ата-аналар комитеті тарапынан қадағалансын.

Төрайымы:
Хатшы:



Өразбаева А.Н.
Касипбекова К.О.